



ЖАҢАӨЗЕН



xat.janaozen-gazeti@mail.ru

№10 /2289/

6 НАУРЫЗ 2026 ЖЫЛ

1990 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ГАЗЕТ АПТАНЫҢ ЖУМА КҮНІ ШЫҒАДЫ

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

**Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!**

www.election.gov.kz

«Дауыс беруге арналған бюллетень»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұзаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдаймыз ба?» деген сұрап бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын қуаландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинетте толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ.

«Есептен шығару куәлігі»

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді. 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеніңде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректері тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскенің референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18.00-ге дейін учаскенің референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскенің референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс берісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ.

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КҰӘЛІКТЕРІ

Азамат тұратын жері өзгерген кезде басқа референдум учаскенінде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәлігін 27 ақпаннан бастап алуға болады	Есептен шығару куәлігін беру 14 наурызда сағат 18.00-де тоқтатылады
---	---

1. Дауыс беру кезінде азамат есептен шығару куәлігін және жеке басын қуаландыратын құжатты ұсынады. (Электрондық нұсқасын да көрсете алады)
2. Учаскенің референдум комиссиясы азаматты республикалық референдумға қатысуға құқылы бар азаматтардың тізімінде негізінде және дауыс беруге арналған бюллетень береді.
3. Есептен шығару куәлігін бір рет пайдалануға болмайды және азамат дауыс берген учаскеде қалады.

Маңызды ескерту: қашаңда референдум өткізілмейді. Есептен шығару куәлігі бір елді мекен ішіндегі басқа учаскеде дауыс беруге қатынасымызбен азаматтарға берілмейді.

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

ҚҰРМЕТТІ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУШЫ!

Егер Сіз 2026 жылғы 15 наурызда дауыс беру күні өзіңіздің тіркелген жеріңізден тыс жерге баратын болсаңыз, қалай дауыс бере аласыз?

Ол үшін 2026 жылғы 14 наурызда сағат 18.00-ге дейін Сіз өзіңіздің учаскенің комиссиясына жазбаша өтінішпен жүгініп, жеке басыңызды қуаландыратын құжатты ұсыныңыз қажет. Комиссия Сізге есептен шығару куәлігін табыс етеді.

Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде өкіл арқылы да алуға болады. Сенімхатты нотариаттық қуаландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның пайдалануына берілмейді.

Бір елді мекен шегіндегі басқа учаскеде дауыс берісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейтініне назар аударыңыз.

Дауыс беру күні өзіңіз болатын жердегі учаскеде есептен шығару куәлігін көрсетіңіз. Учаскенің комиссия Сізді дауыс беруге арналған тізімге енгізеді.

Толық ақпарат алу үшін өзіңіздің елді мекеніңіздің әкімдігінің сай-орталығына хабарласуға болады.

ӘРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ ДАУЫСЫМЫЗ МАҢЫЗДЫ!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz



Құрметті арулар, қадірлі аналар мен қыз-келіншектер!

Сіздерді 8 наурыз — Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел — отбасының берекесі, қоғамның тірегі, ұлттың ұйытқысы. Сіздердің мейірімдеріңіз бен парасаттарыңыз, табандылықтарыңыз бен еңбекқорлықтарыңыз қаламыздың өсіп-өркендеуіне зор үлес қосып келеді. Білім мен денсаулық сақтау саласында, кәсіпкерлікте, мемлекеттік қызметте, өндіріс пен қоғамдық өмірде табысты еңбек етіп жүрген нәзік жандылардың еңбегі қашанда құрметке лайық.

Сіздер тек кәсіби салада ғана емес, отбасы құндылықтарын сақтап, ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуда маңызды рөл атқарып келесіздер.

Осы мерекелі күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шаңырақтарыңызға береке тілеймін. Әрдайым құрмет пен ілтипатқа бөленіп, еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер! Мерекелеріңіз құтты болсын!

Құрметпен,
Жаңаөзен қаласының әкімі **Жансейіт ҚАЙНАРБАЕВ.**



БАБАЛАР АМАНАТЫ – БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ

АПТАНЫҢ ДҮЙСЕНБІ КҮНІ - МҮНАЙШЫ - МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ 1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІНЕ ОРАЙ БЕКЕТ АТА ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН - БАБАЛАР АМАНАТЫ - БЕРЕКЕ БАСТАУЫ - АТТЫ РУХАНИ-МӘДЕНИ ШАРА ӨТТІ.

Мадина ӨТЕЖАНОВА

Тағалымды кеш 1990-1993 жылдары Бекет ата жерасты мешіті, Шопан ата жерасты мешіті және Теңге Ана қорымы бағытындағы инфрақұрылым мен жол құрылысына үлес қосқан азаматтардың еңбегін ұлықтауға арналды. Кезінде қиын табиғи жағдайда, шалғай аймақта жол салу - үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап еткен еді. Соған қарамастан,

Соңы 2-бетте. ➔



БҮГІНГІ САНДА

РЕФЕРЕНДУМҒА ШАҚЫРДЫ

ҮЕҮ БЕЛСЕНДІЛЕРІ БАС ҚОСТЫ



6-бет.

Математика – ой мен логиканың тілі

БҮГІНГІ ЗАМАНДА МАТЕМАТИКА ТЕК САНДАР МЕН ФОРМУЛАЛАР ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР ОЙЛАУ МӘДЕНИЕТІ МЕН ЛОГИКАНЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКА-ЛЫҚ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ — ОЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ, ЛОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АНАЛИТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ. ОСЫ МАҚАЛАДА МАТЕМАТИКА ПӘНІНІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУ МЕН ЛОГИКАСЫН ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ.

Математиканың ойлау және логикаға әсері

Математика – бұл жүйелі, дәл және нақты ғылым. Ол оқушыларға мәселелерді шешудің әртүрлі жолдарын үйретеді, жүйелі ойлауға және дәлелдемелер жасауға үйретеді. Мысалы, тапсырмаларды шешу барысында балалар себеп-салдар байланысын түсініп, дәлелдемелерді іздеп, қорытынды жасауға үйренеді.

Логикалық ойлау – бұл дұрыс қорытынды жасауға мүмкіндік беретін қабілет. Математика арқылы оқушылардың ойлау процесі жүйеленеді, олар шартты ойлауды, салыстыруды, классификациялауды меңгереді.

Математиканы оқытудағы әдістер мен тәсілдер:

Бастауыш сыныпта математика пәнін оқыту барысында мұғалімдерге мына әдістерді қолдануды ұсынамын:

- Ойындар арқылы оқыту: Логикалық ойындар мен тапсырмалар балалардың қызығушылығын арттырады және ойлау қабілетін дамытады.

- Жұптық және топтық жұмыс: Балалар бірге жұмыс істеп, пікір алмасу арқылы ойларын жүйелеп, тыңдауға үйренеді.

- Визуалды материалдар қолдану: Сызбалар, суреттер мен схемалар арқылы балалар ақпаратты жеңіл меңгереді.

Математикалық тапсырмалардың

түрлері және олардың оқушылардың логикасын дамытудағы маңызы

Есептердің, логикалық тапсырмалардың, ребустар мен жұмбақтардың балалардың ойлау қабілетін қалай жетілдіретіні туралы жазуға болады. Мысалы:

- Логикалық есептер (түрлі критерийлер бойынша сұрыптау, сәйкестендіру)

- Көп қадамды есептер (қорытынды жасау қабілетін дамыту)

Технологияны пайдалану арқылы математикалық ойлауды дамыту

Қазіргі кезде интерактивті тақталар, арнайы қосымшалар мен онлайн ойындар оқушылардың математикалық ойлауын дамытуда жақсы көмекші құрал. Мұғалімдерге қандай технологияларды тиімді қолдану керектігі туралы ақпарат беру пайдалы болады.

Математика – бұл тек сандар әлемі ғана емес, сонымен бірге оқушылардың ойлау және логикалық қабілеттерін дамыту құралы. Мұғалімдер математика сабақтарын тиімді ұйымдастыра отырып, балалардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыра алады. Сондықтан математика пәніне деген қызығушылықты арттыру, оны қызықты әрі түсінікті етіп жеткізу – бастауыш сынып мұғалімдерінің басты міндеті.

Ақкенже ИЛЬЯСОВА,
№17 ЖББМ мұғалімі.